

Нұра аудандық мәслихатының 2021 жылғы 19 ақпандағы № 18 "Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандарға, сондай-ақ Нұра ауданының жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік үйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға жиырма бес пайызға лауазымдық жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 сәуірдегі № 15 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 10 мамырда № 6409-09 болып тіркелді

Аудандық мәслихат ШЕШТІ:

1. Нұра аудандық мәслихатының "Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандарға, сондай-ақ Нұра ауданының жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік үйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға жиырма бес пайызға лауазымдық жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы" 2021 жылғы 19 ақпандығы № 18 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6208 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімінің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандарға, сондай-ақ Нұра ауданының жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік үйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға жиырма бес пайызға лауазымдық жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы";

көрсетілген шешімінің 1 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандарға, сондай-ақ Нұра ауданының жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік үйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК